3. Аристов С.Н. Выращивание подсолнечника – технология производства / Технический бюллетень ВНИИМК. – 2011. – Вып. 2 (148-149). – С. 23-27.
4. Ғабдулов М.Ә. Батыс Қазақстан өңірінде күнбағыс өсіру тәжірибесі / М.Ә. Ғабдулов, И.К. Жұмағалиев // Ғылым және білім. - 2010. - № 1(18). – Б. 24-29.
5. Юсаева Д.А., Булатова К.М. Күнбағыс сорттарын идентификациялаудағы гелиантинин полиморфизмі // ҚазҰУ Хабаршысы. Биология сериясы. – Алматы, 2007. – № 3 (33). – 48-52 б.

Қабылданды 18.06.2019

МРНТИ 553.41

М.А. Мизерная, Б.А. Дьячков, А.Т. АкылбаеваВосточно-Казахстанский государственный технический университет им. Д. Серикбаева,
г. Усть-Каменогорск**А.П. Мирошникова**

Филиал РГП НЦ КПМС РК «ВНИИцветмет», г. Усть-Каменогорск

А.А. Жунусов

Институт геологических наук им. К. Сатпаева, г. Алматы

**ЗОЛОТО-СУЛЬФИДНЫЕ МЕСТОРОЖДЕНИЯ В ЧЕРНОСЛАНЦЕВЫХ ОБРАЗОВАНИЯХ
ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА – ПЕРСПЕКТИВНЫЙ ИСТОЧНИК БЛАГОРОДНЫХ МЕТАЛЛОВ**

Крупные месторождения благородных металлов в черносланцевых толщах многие авторы называют «геологическим феноменом». Этот тип месторождений в последние годы все больше обращает на себя внимание в связи с крупными запасами и поликомпонентным составом (золото, платина, серебро, редкие металлы). На мировом рынке они рассматриваются как месторождения-лидеры, объекты высшего ранга приоритетности.

Временной диапазон размещения месторождений золота, платины, серебра черносланцевого типа имеет очень широкий диапазон – от протерозоя до мезозой-кайнозоя. На территории Азии известно более 15 гигантских и крупных месторождений рассматриваемой группы с общим ресурсом свыше 12 тысяч тонн Au. Значительное количество месторождений сконцентрировано в Центральной Азии – в Узбекистане (Мурунтау, Мютенбай, Триада, Кокпатас и др.), в России (Сухой Лог, Наталкинское, Советское, Олимпиада, Нежданинское и др.), в Казахстане (Бакырчик, Большевик, Суздальское, Васильевское, Кварцитовые Горки, Акжал и др.), в Кыргызстане (Кумтор).

Месторождение Бакырчик – типовой представитель золото-сульфидных прожилково-вкрапленных руд, связанных с углеродисто-терригенными минерализованными осадками. Оно находится в Западно-Калбинской структурно-формационной (металлогенической) зоне, сформировавшейся в позднем палеозое в виде линейного раздела между Казахстанским и Алтае-Монгольским палеоконтинентами.

В размещении месторождения особую роль играли субширотные зоны смятия и разрывные дислокации. Кызыловская зона, полого падающая на север, пересекает породы углеродисто-терригенного комплекса каменноугольного возраста, характеризующиеся повышенной намагниченностью (пирротинизация). Важнейшие рудоконтролирующие структурные элементы – надвиговые швы с угловатыми изгибами поверхности, тектонические линзы, кливаж, милонитизация, развальцевание пород, внутриформационные отслоения – отвечают VII-VIII тектонофациям мезозоны. Кызыловская зона смятия по В.Д. Борцову, М.А. Мизерной фиксируется отрицательными аномалиями ЕП до $-(100-300)$ мВ при фоне в безрудных толщах от 0 до -50 мВ (рис. 1). Участки углеродистого метасоматоза и наложенной сульфидизации, находящиеся в тепловых полях интрузивов кунушского комплекса, дополнительно отмечаются аномалиями вызванной поляризации 5-10 %.

Бакырчикский рудный район объединяет 123 проявления золота разной формационной принадлежности. В структурном плане главные месторождения контролируются системой Кызыловского глубинного разлома широтного простираия (рис. 1). Общая протяженность рудного поля составляет порядка 17 км при ширине до 350 м. Рудовмещающими являются отложения молассовой лимнической угленосной формации (буконьская свита C_{2-3}), подверженные интенсивным динамометаморфическим и гидротермально-метасоматическим изменениям.

Рудные минералы образуют пять парагенетических ассоциаций: раннюю мельниковит-пирит-пирротин-марказитовую (с никелином, пентландитом); рудные золото-пирит-арсенопиритовую (с кубанитом, герсдорфитом), золото-кварц-полиметаллическую (с блеклой рудой, халькопиритом, галенитом, сфалеритом) и золото-кварц-карбонат-шеелит-халькопиритовую с брейнеритом, доломитом, айкинитом, свободным золотом; позднюю кварц-карбонат-антимонит-тетраэдритовую с марказитом и тонким перетолженным золотом. Золото-пирит-арсенопиритовая ассоциация имеет

«транзитное» развитие, мельниковит-пирит-пирротин-марказитовая и золото-кварц-карбонат-шеелит-халькопиритовая отмечаются на больших глубинах, золото-кварц-полиметаллическая и кварц-карбонат-антимонит-тетраэдритовая тяготеют к средним и верхним горизонтам.




Рисунок 1 – Схема Бакырчикского рудного района: 1-2 – зоны пострифтовых коллизионных блоков; 3 – зона тектонизированных офиолитов Чарского позднедевонского рифта; 4 – зона энсиалических дуг (Жарма-Саурский золото-медно-никелево-редкометалльный пояс); 5-6 – зоны энсиматических дуг: 5 – ранней, D₁-D₂ и 6 – поздней, D₂-D₃ (Рудно-Алтайский полиметаллический пояс) стадий; 7-8 – каледонские складчатые системы: 7 – Чингиз-Тарбагатайская (зоны энсиматических островных дуг ранней, C₁-O₂ (а) и поздней, O₁₋₂ (б) стадий), 8 – Горно-Алтайская (пассивная континентальная окраина); 9-12 – структуры Западно-Калбинского золоторудного пояса: 9 – области глыбовых (а) и конседиментационных раннеорогенных (б) поднятий, 10 – прогибы: а – орогенные молассовые (с редуцированным вулканизмом), б – вулканогенно-молассовые; 11 – ультрабазиты; 12 – наложенные континентальные вулканотектонические сооружения киммерийского рифтогенеза; 13 – глубинные разломы; 14 – скрытые субширотные разломы фундамента герцинид; 15 – Иртышская зона смятия; 16 – мезозой-кайнозойские отложения; 17 – золоторудные месторождения в углеродисто-терригенных толщах

В суммарном балансе золота ведущую роль играет прожилково-вкрапленная золото-пирит-арсенопиритовая ассоциация (пирит 1,5-22,0 %, арсенопирит 3,0-15,0 %). Самородное золото имеет пленочную, капельную, шаровую, амeboобразную, комковую, дендритовую, прожилковую формы. Превалируют микроскопические и субмикроскопические (менее 10 мкм) пыле- и амeboвидные выделения золота в пирите и арсенопирите. Подчиненное значение имеет золото, развитое в микротрещинах сульфидов в ассоциации с блеклой рудой, сфалеритом, галенитом, халькопиритом, кварцем и карбонатом, и золото, входящее в кварц-серицит-карбонатные оторочки, обрамляющие зерна пирита и арсенопирита. Резко подчиненными являются свободное комковое золото в кварц-полиметаллическом и кварц-карбонат-шеелит-халькопиритовом парагенезисах и мелкое перотложенное золото, ассоциирующее с поздними кварцем, антимонитом, тетраэдритом. Пробность тонкого золота в сульфидах верхнего горизонта равна 760, свободного самородного (сред-

ний и глубокий горизонты) – 960. Геохимическую специализацию месторождения определяют Au, As, Sb, Ag, Cu, Pb, Zn, Mo, W, Sn, Bi, Co, Ni, V, P, МПГ и др.

Одним из интересных в плане доизучения на содержание и формы нахождения благородных металлов является месторождение Акжал, находящееся в непосредственной близости от одноименного поселка Акжал. Структурное положение месторождения определяется приуроченностью к Боко-Акжалскому глубинному разлому северо-западного простирания. В строении рудного поля принимают участие вулканогенно-терригенные породы аркалыкской свиты нижнекаменноугольного возраста и малые интрузии кунушского комплекса (C_3 - P_1). Породы аркалыкской свиты представлены порфиритами, яшмами, алевролитами, песчаниками, кремнистыми сланцами с редкими линзами рифтогенных известняков (рис. 2).




Рисунок 2 – Геологическая карта центрального участка месторождения Акжал: 1 – яшмы; 2 – песчаники полимиктовые с обломками кремнистых алевролитов; 3 – песчаники равномернозернистые, среднекрупнозернистые, грубослоистые; 4 – алевролиты с прослоями агриллитов, песчаников; 5 – туфопесчаники, туфогенные песчаники, туфы; 6 – кварцевые диориты, диоритовые порфириты; 7 – гранит-порфиры; 8 – диабазы; 9 – дайки микродиоритов; 10 – ороговикование экзоконтактов интрузий; 11 – разломы и крупные тектонические нарушения; а – контролирующие золотую минерализацию; б – безрудные; 12 – линейные зоны тектонической трещиноватости, контролирующие золоторудную минерализацию; 13 – субинтрузивные тела кислого состава, контролирующие линейные зоны золотой минерализации; 14 – линейные штокверки золоторудной минерализации, связанные с системами трещин наклонного залегания; 15 – линейные штокверки золоторудной минерализации, связанные с системами субвертикальных трещин

Золото-сульфидно-кварцевая минерализация месторождения Акжал представлена минерализованными зонами дробления с неравномерным распределением сульфидов и золота. Рудные тела представлены золотоносными кварцевыми жилами со свободным золотом и минерализованными зонами мощностью до 1-1,5 и 100 м соответственно. Вкрапленная рудная минерализация встречается в терригенных углеродисто-кремнистых породах, жильная и брекчиевая сульфидно-кварцевая – во всех типах вмещающих и магматических пород [1].

Минеральный состав руд месторождения достаточно прост. Основными рудными минералами месторождения являются: пирит и арсенопирит, галенит, сфалерит, халькопирит; нерудными – кварц нескольких генераций, кальцит, плагиоклаз, хлорит и мусковит. Второстепенные и редкие рудные минералы – самородное золото, блеклые руды, пирсеит, стефанит, шапбахит и бенлеонар-

дит. Наиболее характерны золото-пирит-арсенопиритовая и золото-полиметаллическая рудные ассоциации.

Для пирита характерно наличие пойкилитов рутила, ильменита, апатита и нерудных минералов (рис. 3). Самородное золото, как правило, встречается в ассоциации с арсенопирит-пиритовыми агрегатами. Золото часто образует сростки с кварцем, пиритом и арсенопиритом. Характерно выделение золота в мышьяковистом пирите и по границе срастания пирита и арсенопирита. Самородное золото обнаружено в пирите в ассоциации с блеклой рудой, халькопиритом, а также на контакте сростков пирита и арсенопирита в виде линз, овальных и каплевидных включений (рис. 4).




Рисунок 3 – Пирит-арсенопиритовая минерализация месторождения Акжал: а – вкрапленная пирит-арсенопиритовая (*Py-Apy*) минерализация; б – прожилково-вкрапленная пирит-арсенопиритовая (*Py-Apy*) минерализация; в – сростки пирита (*Py*) с призматическими зернами арсенопирита (*Apy*); г – прожилок, сложенный пиритом (*Py*) и арсенопиритом (*Apy*)




Рисунок 4 – Ассоциация золота с пирит-арсенопиритовой минерализацией руды месторождения Акжал: а – микровключения золота (*Au*) и ильменита (*Il*) в пирите (*Py*); б – микровключения золота (*Au*), арсенопирита (*Apy*) и халькопирита (*Chp*) в пирите (*Py*); в – включения золота (*Au*) в пирите (*Py*); г – вросстки пирита (*Py*) в арсенопирите (*Apy*), в последнем микровключения золота (*Au*)

Поскольку не выявлено значимой корреляции геохимических аномалий по золоту и свинцу, цинку, меди, можно предположить, что основной объём золота месторождения генетически связан с ранней пирит-арсенопиритовой, а не с поздней полиметаллической минерализацией. Аномалии содержания золота и серебра не всегда имеют точное перекрытие, что объясняется наличием других, кроме золота, минералов-носителей серебра: тетраэдрита и галенита [2].

Руды месторождений в черносланцевых толщах представляют большой интерес как возможный источник металлов платиновой группы. По материалам сотрудников Томского политехнического университета и результатам собственных исследований авторов в лаборатории инженерного профиля Иргетас, в сульфидизированных алевропесчаниках месторождения Бакырчик содержания Pt и Os достигают первых десятков г/т. Содержания МПГ в прожилково-вкрапленных пирит-арсенопиритовых рудах Бакырчика и Большевика до 1,0 г/т. Среднее содержание платины в золотых рудах составляет 0,4 г/т.

Список литературы

1. Рафаилович М.С. Золото недр Казахстана: геология, металлогения, прогнозно-поисковые модели. - Алматы, 2009. - 304 с.
2. Некипелова А.В. Золото-сульфидное месторождение Акжал (Восточный Казахстан): минералогия, стадийность формирования руд, геохронологические характеристики. Новое в познании процессов рудообразования / А.В. Некипелова, М.В. Кириллов, К.Э. Бирюков. - ИГЕМ РАН. - Москва, 2017.
3. Малыгин А.А. Золоторудные пояса Восточного Казахстана и их прогнозная оценка / А.А. Малыгин, Б.А. Дьячков // Вестник ВКГТУ. - Усть-Каменогорск: Изд-во ВКГТУ. - 2000. - № 3. - С. 6-10.
4. Байбатша А.Б. О моделях образования и промышленных типах месторождений золота / А.Б. Байбатша, Н.Т. Кулкашев, К.Ш. Дюсембаева и др. - Вестник КазНТУ, 2011.

Получено 18.06.2019

МФТАА 39.01.94

ӨОЖ 338.484 (574.42)

Т.Н. Самарханов, О.Б. Мазбаев

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

А.Б. Мырзагалиева

«Астана» халықаралық ғылыми кешені, Нұр-Сұлтан қ.

«КӨКТАУ САМЫРСЫНДЫ ОРМАНЫ» ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ ЕСКЕРТКІШ – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМ НЫСАНЫ

Сібе көлдерінің аумағын зерттеу негізінде ерекше қорғалатын табиғи аумақ «Көктау самырсынды орманының» экологиялық туризм нысаны ретіндегі рөлі мен санаты анықталды. Жұмыста орман аумағындағы өсімдіктер жамылғысының таралу сипаттамасы берілген. Осы аймақты экологиялық туризм орталығына айналдыруға қажетті экологиялық және географиялық жағдайлар мүмкіндіктері бағаланды.

На основе изучения территории Сибирских озер определена роль и категория ООПТ «Синегорская пихтовая роща» как объекта экологического туризма. Приведена характеристика распределения растительности. Оценены возможности биологических и географических условий для использования этого объекта в качестве центра экологического туризма.


Based on the study of the Sibir Lakes territory, the role and a category of the specially protected natural area "Sinigorskaya fir grove" as an object of ecological tourism has been determined. The paper presents characteristics of vegetation distribution. Biological and geographical conditions have been evaluated for transformation of this region into the center of ecological tourism.

Түйін сөздер: экологиялық туризм, рекреациялық әлеует, реликт, Көктау самырсынды орманы, табиғи ескерткіш, табиғи-рекреациялық ресурс.

Шығыс Қазақстан – туристік-рекреациялық тұрғыдан алғанда болашағы зор және қарқынды қалыптасып келе жатқан аймақтардың бірі. Аймақтың туристік-табиғи әлеуеті зор, облыстың кең ауқымды, ерекше сипатқа ие ландшафттары, биологиялық әралуандылығымен, сирек кездесетін тарихи-мәдени ескерткіштері жатады. Бұл жалпы туризмді, оның дәстүрлі түрлері мен заманауи бағыттарын, атап айтқанда ішкі туризмді, соның ішінде экологиялық және шетелдік туристерді тарту үшін негіз болып табылады.

Солардың қатарына шырайлы Шығыс өңірінің келбетті де, көркемді аймағы – Сібе көлдері біздің зерттеу нысанымыз. Сібе көлдері таза ауасымен, мөлдір, салқын суымен, айналасының тыныштығымен саяхатшыларды ертеден қызықтырады. Бірақ ол туралы деректер ақпарат құралдарында сирек кездеседі.

Сібе көлдері Қалба жотасының теңіз деңгейінен 710 м-ден 880 м-ге дейінгі биіктігінде орналасқан. Көлдің үш жағынан Көктау тауының жалаңаш жартастарымен қоршалған. Көлдердің негізгі қорек көзі жерасты сулары. Көлдер өзара бұлақтармен жалғасқан. Қатар орналасқан Сібе көлдері: Садыркөл, Төртқара, Шалқар, Қоржынкөл, Қаракөл өзінің табиғи сұлулығымен көз тартады (1-сурет). Көлдердің тереңдігі 2-ден 48 метрге дейін. Ортаңғы Шалқар көлі – ең үлкен әрі терең, оның аумағы 251 гектарды құрайды, ондағы судың мөлдірлігі 11 метрге жетеді. Сібе көлдерінің аумағындағы климат күрт континенттік. Жазда ең жоғары температура +35 °С, орташа температура +19 °С жетеді. Жазғы демалыс үшін қолайлы кезең 210 күнге созылады. Суға шомылу маусымы 60-80 күнге созылады. Мамыр айында су температурасы шамамен +15 °С, маусым айында +20 °С, ал шілдеде +20...+23 °С. Қыс мезгілінде көл қатады [1].



1-сурет – Сібе көлдері аумағының картасы

Сібе көлдерінің туристік-рекреациялық маңызы зор. Біріншіден климаттық жағдайы мен тұнық тау ауасы туристер, қала тұрғындары мен жай демалушылар үшін өте қолайлы. Екіншіден, көлдер облыс ортылығы – Өскемен қаласынан небәрі 75 км қашықтықта орналасқан. Облыс орталығынан көлдерге дейін инфрақұрылымы жақсы дамыған көлік тас жолы бар. Үшіншіден, Сібе көлдерінің аумағында сауықтыру орталықтары, демалыс базалары және жеке коттедждер салынған. Барлық демалыс базалары тұруға қолайлы, экскурсиялар мен ойын-сауық бағдарламаларын ұсынады. Сонымен қатар, жергілікті жердің тарихи, мәдени және табиғи ескерткіштері Сібе көлдерінің рекреациялық әлеуетін күшейтеді. Аймақта табиғи-рекреациялық ресурстардың болуы мен олардың өзара үйлесуі рекреацияны дамытудың қажетті шарты ретінде, табиғи-рекреациялық әлеуеттің бар екендігінің дәлелі.

Сібе көлдерінің аумағы экологиялық туризмді дамыту үшін бірсыпыра артықшылықтарға ие. Экологиялық туризмнің экологиялық білім мен тәрбие беруде ықпалы зор, табиғи көркемділігі сақталған табиғат әлемін өз көзімен көріп, етене жанасып, сұлулығына тамсанған адамнан ғана табиғатқа әрдайым жанашыр бола алатын, оның байлығын қорғай алатын тұлға қалыптастыруға болады.

Сібе көлдерінің солтүстігіне қарай Қалба жотасының Көктау тау массивінің Аюлы (Медведка) тауының солтүстік баурайында бірегей самырсынды орман алабы кездеседі. Ол Қазақстан Республикасының табиғи ескерткіштерінің бірі – Көктау самырсынды орманы. Қалба жотасының қазіргі өсімдіктер жамылғысына тән емес Сібір самырсынынан құралған ылғалы мол орман Аюлы тауының солтүстігінде, экологиялық қолайлы орында сақталып қалған. Осыған орай, біз самырсынды орман ертеректе бүкіл Қалба жотасын жауып тұрған екендігіне көзімізді жеткіземіз, ал осы бірегей орман қараңғы-қылқан жапырақты – қарағайлы ормандарының қалдық элементі соның дәлелі болып табылады. Ғалымдардың болжауынша мұз басу кезеңінің бірінің әсері [2].

1968 жылы Қалба жотасындағы сібір самырсынының реликтік мекендейтін жерін қорғау үшін табиғи ескерткіш құрылған. 1982 жылы қорықтың аумағы 90-нан 137 га-ге дейін кеңейтілді, орман алқабының ауданы – 97 га-ға дейін барады. 2017 жылдың 26 қыркүйегінде № 593 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес [3] «Көктау самырсынды орманы» Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың бірі ретінде бекітілген.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі елдің биологиялық алуандылығын сақтауда және экологиялық туризмді дамытуда маңызды рөл атқарады.

Жалпы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жалпы қорғалатын аумақтардың әлемдік жүйесінің бөлігі болып табылады. Біріккен Ұлттар Ұйымының қорғалатын аумақтарының тізіміне сәйкес, әлемде 209 мыңнан астам қорғалатын нысандар бар, ол 32 млн шаршы км астам аумақты (жер шарының 14 %-ы және әлемдік мұхиттың 3,41 %-ы) алып жатыр [4]. 2017 жылдың 26 қыркүйегінде № 593 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес елімізде 10 мемлекеттік табиғи қорық, 14 мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, 50 мемлекеттік табиғи (кешенді, зоологиялық, ботаникалық) қаумалдар, 25 мемлекеттік табиғат ескерткіштері, 6 мемлекеттік табиғи резерваттар, 6 ботаникалық бақ, 5 мемлекеттік қорық аймақтары жұмыс істейді [3].

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда экологиялық туризмді дамыту мүмкіншіліктері біркелкі емес. 1998 жылы өңделген 1978 жылғы Халықаралық табиғат қорғау одағының жіктемесіне сәйкес барлық қорғалатын табиғи аумақтар табиғат қорғау және өзге де, оның ішінде туристік қызметті жүзеге асырудың әртүрлі шарттары бар алты санатқа бөлінеді (1-кесте) [4].

Берілген кестеге сәйкес, табиғи ескерткіштер – рекреациялық қызметті жүзеге асыру мүмкіндігі бар, танымдық-табиғи туризмді басым дамытуға болатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар болып табылады.

Табиғи ортасы бұзылмаған самырсынды орманның Шығыс Қазақстан облысының орталығы, Өскемен қаласынан небәрі 60 км-де орналасуы экологиялық туризмді дамытуға қолайлы. Табиғи ескерткіштің ғылыми, экологиялық тәрбие беру маңыздылығымен қатар жоғарғы оқу орындары мен орта мектептердің оқу бағдарламаларын жүзеге асыруда база бола алады.

Әртүрлі санаттағы қорғалатын табиғи аумақтарда туристік қызметті жүзеге асыру мүмкіндігі [5]

Санат	Қорғалатын аймақтың типі	Мақсатты қызметі	Рекреациялық қызметті жүзеге асыру мүмкіндігі
Ia	Ерекше (қатан) қорғалатын табиғи резерват	Бірегей экожүйелерді қорғау; қоршаған ортаның мониторингі; ғылыми зерттеулер	Рекреация және туризмге тыйым салынған
Ib	Жабайы табиғат учаскесі	Аумақтың табиғи сипаттамаларын қорғау (акваториялар)	Рекреация және туризм лимиттелген
II	Ұлттық парк	Экожүйелердің тұтастығын сақтау; ғылыми зерттеулер, ағартушылық, рухани және рекреациялық қызмет	Белсенді және танымдық туризм мен бұқаралық рекреацияның реттелген түрлерін басым дамыту
III	Табиғат ескерткіштері	Ерекше табиғи нысандар мен экологиясын сақтау	Танымдық-табиғи туризмді басым дамыту
IV	Мекен ету орталарды флора мен фаунаың түрлік құрамын реттейтін аумақтар	Тіршілік ету ортасын және/немесе ерекше биологиялық түрлерді сақтау және жаңғырту бойынша іс-шаралар өткізу	Танымдық-табиғи және экологиялық туризмді дамыту әлеуеті бар
V	Қорғалатын жербеті және теңіз ландшафттары	Жер үсті және теңіз ландшафтарын қорғау, экономикалық қызметтің әртүрлі түрлері	Регламенттелген рекреация мен туризмді басым дамыту
VI	Табиғатты тұрақты пайдалану аумағы	Биологиялық алуантүрлілікті ұзақ мерзімді қорғау және қолдау, табиғи өнімдер өндіру және қызметтер көрсету	Регламенттелген рекреация мен туризмді дамыту әлеуеті бар

Танымжорық кезінде туристер ғажайып орманның өсімдіктер жамылғысының таралуымен, сондай-ақ орман жануарларымен таныса алады. Табиғи ескерткіштің флорасы мен фаунасына сирек кездесетін және қорғауды қажет ететін түрлер, сондай-ақ пайдалы өсімдіктер түрлері, оның ішінде дәрілік маңызды түрлер тән.

Көктаудың аласа таулы және орта таулы рельефі жағдайында орналасқан бірегей орманы негізінен қараңғы тайга типтес болып келеді. Климаттық жағдайы атмосфералық жауын-шашынның едәуір мол мөлшерімен ерекшеленеді. Самырсынды орманның топырағы құнарлы, гумуска бай. Орманның өсімдіктер жамылғысында биіктік белдеулілігі нақты байқалады.

Көктау самырсынды орманына экологиялық танымжорықтар ұйымдастыру кезінде оның өсімдіктерінің ерекшеліктерімен таныстыруға болады. Орманда самырсын жартастар арасында басқа ағаш түрлерімен араласпай, таза өсімділер құрып, сондай-ақ тау етектерінде қайың мен көктерекпен араласа өседі. Жартастарға қисық өскен самырсындар тән, көп бағаналы формалары да кездеседі.

Самырсын орманының етегінде шағын жапырақты орман мен ірі шөпті шабындық алып жатыр. Жапырақты орманның құрамына көктерек (*Populus tremula* L.), мойыл (*Padus avium* L.) және биіктіктері 3 метрге дейін жететін бұталар тікенді итмұрын (*Rosa acicularis* Lindl.), бұжыр итмұрын (*R. laxa* Retz.), сары қараған (*Caragana arborescens* Lam.), татар ұшқаты (*Lonicera tatarica* L.), қара ырғай (*Cotoneaster melanocarpus* Fisch. ex Blutt.), орта тобылғы (*Spiraea media* Franz. Schmidt.) құрайды [6].

Биік шөптесін өсімдіктер шалғынын төбешік маралоты (*Thalictrum collinum* Wall.), Крылов шоқсарысы (*Bupleurum krylovianum* Schrenk.), тік қазтабан (*Potentilla recta* L.), Лобель тамырдерісі

(*Veratrum lobelianum* Bernh.), аномала таушымылдығы (*Paeonia anomala* L.), шілтер жапырақты шайқурай (*Hypericum perforatum* L.), сібір қоңыраугүлі (*Campanula sibirica* L.), бүтінжапырақты жөбіген (*Clematis integrifolia* L.), биік тегеурінгүл (*Delphinium elatum* L.), акезу бәрпі (*Aconitum leucostomum* Worosch.), бұршақтүс әйкен (*Lathyrus pisiformis* L.) сияқты түрлер құрайды [6].

Тау бөктеріне қарай самырсынды орман аралас орманға айналады, оның құрамына салпыншақ қайың (*Betula pendula* Roth.), көктерек (*Populus tremula* L.), сібір шегені (*Sorbus sibirica* L.) және биіктігі 15 метрге жететін самырсын (*Abies sibirica*) кіреді.

Биіктіктері 3 метрге дейін жететін сары қараған (*Caragana arborescens*), тікенді итмұрын (*Rosa acicularis*), тікенді қарақат (*Ribes hispidulum* (Jancz.) Pojark), татар ұшқаты (*Lonicera tatarica*), орта тобылғы (*Spiraea media*), кара ырғай (*Cotoneaster melanocarpus*), шәңгіш (*Viburnum opulus*) бұталар сатысы шөптесін өсімдіктер шалғындарымен алмасады.

Шөптесін өсімдіктер сатысы екі қабаттан тұрады. Бірінші сатыны биіктіктері 1-1,5 метрге жететін акезу бәрпі (*Aconitum leucostomum*), биік тегеурінгүл (*Delphinium elatum*), қарапайым маралоты (*Thalictrum simplex* L.), төбешік маралоты (*Th. Collinum* Wallr.), алтай жанаргүлі (*Trollius altaicus* C.A.Mey.), азия жанаргүлі (*T. asiaticus* L.), аномала таушымылдығы (*Paeonia anomala*), Лобель тамырдерісі (*Veratrum lobelianum* Bernh.), кәдімгі алтыншыбық (*Solidago virgaurea* L.), бұйра лалагүл (*Lilium pilosiusculum* (Freun) Misch.), жіңішке жапырақты иваншай (*Chamaenerion angustifolium* (L.) Scop.) түрлері құрайды, ал екінші сатыда биіктіктері 80 сантиметрге дейін болатын ақ қалақай (*Lamium album* L.), жатаған әйкен (*Lathyrus humilis* (Scr.) Spreng.), алтын шоқсары (*Bupleurum aureum* Fisch.), зиягүл (*Senecio nemorensis* L.), көкшегүл (*Polemonium caeruleum* L.), улы сарғалдақ (*Ranunculus acris* L.), орман құралайгүлі (*Myosotis sylvatica* Ehrh. ex Hoffm.), алтай желайдары (*Anemone altaica* Fisch. ex C.A. Mey.) секілді гүлді өсімдіктер орналасады [6].

Орманның орта бөлігі бірыңғай самырсын ағаштары қайың, көктерек, шетеннен түзілген орман учаскелерімен араласады. Орманның астыңғы бөлігінде тікенді қарақат, сары қараған, тікенді итмұрын, татар ұшқаты, орта тобылғы, таңқурай сияқты орман бұталары орналасады.

Самырсынды орманның орта бөлігінде шөптесін өсімдіктер жақсы жетілген, олардың құрамына әсем түрлерден алтай және азия жанаргүлдерін, бұйра лалагүлді, алтай желайдарын, дәрілік өсімдіктерден акезу бәрпіні, биік тегеурінгүлді, тілік балдырғанды, кәдімгі маралотын, жіңішке жапырақты иваншайды, аномала таушымылдығын, шоқсарыларды, алтыншыбықты, көкшегүлді, улы сарғалдақты, кәдімгі жұпаргүлді, шілтері жапырақты шайқурайды, сібір әленін атап өтуге болады.

Самырсынды орманның жоғарғы бөлігінде самырсын ағаштарына бұта тектес өсімдіктерден – қараған, итмұрындар, тобылғылар, ұшқаттар, ырғайлар араласады, ал шөптесін өсімдіктерден жима тармақ (*Dactylis glomerata* L.), шалғындық атқонақ (*Phleum pratense* L.), алтын шоқсары (*Bupleurum aureum*), дәрілік бұршікбас (*Sanguisorba officinalis* L.), акезу бәрпі (*Aconitum leucostomum*), жіңішке жапырақты иваншай (*Chamaenerion angustifolium*) төбешік маралоты (*Thalictrum collinum*), кәдімгі түймешетен (*Tanacetum vulgare* L.), тілік балдырған (*Heracleum dissectum* Ledeb.), жалпақ жапырақты шұбаршөп (*Saussurea latifolia* Ledeb.). Қараңғы қалың орманда бадан (*Bergenia crassifolia* (L.) Fritsch.), қаражидек (*Vaccinium myrtillus* L.), итбүлдірген (*Vaccinium vitis-idaea* L.) кездеседі. Орман топырағы жасыл мүкпен жабылған [6].

Жалпы флорасының құрамы, таралу ортасы мен экологиясы жағынан Қалба жотасының Көктау самырсынды орманы Нарын отасының самырсынды ормандарымен өте ұқсас, сол себепті бұл табиғи ескерткіш бір кездері Қалба жотасын жалпы Алтай тауларына тән қараңғы қылқанжапырақты-самырсынды орман алқаптары алып жатқандығының дәлелі.

Қалба жотасының Көктау тауының аясында климат пен жер бедерінің ғасырлар бойы өзгеруіне қарамастан сақталып қалған бірегей ескерткішін, біз болашақ ұрпақ үшін сақтауға, дәріптеуге, кеңінен насихаттауға міндеттіміз. Ол үшін Сібе көлдерін туризм мен рекреация мақсатында пайдалану кезінде тарихи және табиғи мүмкіншіліктерін ескере отырып, туризмнің жаңа формаларын, түрлерін ұсынуымыз қажет. Олардың қатарына экологиялық туризмнен басқа медициналық туризм бағытында, емдік сауықтыру тұрғысында, балалар мен жасөспірімдер туризміне бағыттау дұрыс болады. Ол үшін Көктау самырсынды орманына экскурсиялық турлар

мен саяхат маршруттарын жасауды ұсынамыз. Рекреация мен туризмді дамытуда ерекше қорғалатын табиғи аймақтарды пайдаланудың бірқатар принциптерін қатаң қадағалай отырып, бұл өңірдің экологиялық туризм орталығына айналдыруға экологиялық, географиялық жағдайының жеткілікті екендігін көреміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Егорина А.В. Рекреационные ресурсы Восточного Казахстана как основа развития сферы туризма / А.В. Егорина, А.Н. Логиновская // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. – Сер. географическая. – 2016. – №2 (43). – С. 241-245.
2. Mazbayev O.B., Belgibayev M.E., Saparov K.T. Origin and preservation of Irtysh relic pine forest of Kazakhstan. Journal of Balkan ecology. – 2014. – № 2. – P.28-34.
3. Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 593 қаулысы. / [Электронный ресурс] – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000593>.
4. Датхудаев Г.А. Особо-охраняемые природные территории как объект развития экологического туризма // Научное сообщество студентов XXI столетия. Экономические науки: сб. ст. по мат. LXXV междунар. студ. науч.-практ. конф. – Новосибирск: Изд. АНС «СибАК». – 2019. – №3(75). – [Электронный ресурс] – URL: [https://sibac.info/archive/economy/3\(75\).pdf](https://sibac.info/archive/economy/3(75).pdf). – С.46-50.
5. Макарова К.С. Территориальная сеть национальных парков России как объект экологического туризма: Автореф. дисс... канд. геогр. наук. – Экономическая, социальная, политическая и рекреационная география. – М., 2015. – 27 с.
6. Мырзагалиева А.Б. Уникальный памятник природы – Синегорская пихтовая роща Калбинского хребта // Известия Академии наук. – Сер.: биологическая и медицинская. – Алматы, 2006. – № 6 (258). – С. 16-18.

Қабылданды 18.06.2019

ӨОЖ 621.317.44

Қ.Қ. Толубаева

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті, Өскемен қ.

Ж.Т. Лязат, М.К. Бейсембекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ.

ГЕОСТАЦИОНАРЛЫ ОРБИТАДАҒЫ ТЕТРАЭДР ПІШІНІНДЕ ТОПТАСҚАН КІШІ ҒАРЫШ АППАРАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Мақалада Жерді қашықтықтан зондтау сапасын жақсарту және кіші ғарыш аппаратарының қозғалыс теңдеуі қорытындыланды. Нәтижесінде топтасқан спутниктерге әсер етуші күштер визуалды түрде көрсетіліп, күш моменттерінің шамасы салыстырылды.

В статье обобщены вопросы повышения качества дистанционного зондирования Земли и уравнения движения малых космических аппаратов. В результате получено силы, действующие на объединенные спутники, визуально отображались и сравнивались с моментами силы.

The article summarizes the issues of improving the quality of remote sensing of the Earth and the equations of motion of small spacecraft. As a result, the forces acting on the combined satellites were visually displayed and compared with the moments of force.

Соңғы жылдары ғарыштық мониторинг сферасындағы ауқымды сұрақтардың бірі, нақты уақыт кезіндегі Жерді қашықтықтан зондтау тәсілі болып табылады. Әсіресе, үлкен жер көлеміне ие мемлекеттер үшін бұл зерттеу жұмысы табиғи құбылыстарды алдын алуға (орман, жер өрттері, цунами, боран т.б.) мүмкіндік туғызады. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін, алдыңғы қатарлы Евробірлестіктің, Қытайдың және басқа да мемлекеттердің ғарыш агенттіктері геостационарлы орбитадан Жерді қашықтықтан зондтауға арналған ғарыш аппараттарын зерттеумен және

құрастырумен айналысуда. Салмағы мен көлемі жағынан үлкен ғарыш аппараттары экономикалық жағынан тиімді болмағандықтан, қазіргі таңда геостационарлы орбитаға топтасқан кіші ғарыш аппараттарын жіберу идеясы ұсынылды. Ал, ғарыш аясында енді дамып келе жатқан, үлкен территорияға ие Қазақстан үшін бұл идея өте тиімді болып саналды. Кіші ғарыш аппараттарын (КҒА) топтастыруда ең күрделі тапсырма олардың қозғалысын басқару болып табылады. Жерді зондтаудың төменгі орбиталы спутниктері жоғарғы жиілікте мониторинг жасай алмайтындығы белгілі. Мысалға, бір сағаттық үзіліс бойынша суреттер алу үшін кем дегенде 200 спутник қажет, ол әрине тиімсіз. Геостационарлы орбитаға топтасып орналасқан спутниктер Жердің төрттен бір бөлігін 24 сағат бойына қамти алады, сол себепті одан келетін ақпарат уақыт бойынша үзіліссіз қабылданады. Қазіргі кезде Жерді зондтау спутнигін геостационарлы орбитаға шығару идеясын жүзеге асырған мемлекеттер бар. 2015 жылы Қытай Gaofen-4 деп аталатын геостационарлы орбитасын ұшырды [1]. Көптеген Жерді бақылау спутниктері қатты еніс полярлы орбитада жұмыс жасайды, ал Gaofen-4 спутнигінің ерекшелігі, ол геостационарлы орбитада Жердің бір бөлігін 24 сағат бойы бақылай алады. Геостационарлы орбитада жқмыс жасап жатқан бұл спутник Қытай елін және оның $7000 \text{ км} \times 7000 \text{ км}$ аумағындағы мемлекеттерді бақылай алады. Сонымен қатар, оның жеке суреттерінің өзі $400 \text{ км} \times 400 \text{ км}$ ауданын қамтиды. Спутниктің массасы 4600 кг және қызмет жасау уақыты 8 жыл.

Евробірлестікте Жерді қашықтықтан зондтауға арналған «GO3S» деген атаумен геостационарлы орбитаға спутнигін шығаруды жоспарлауда [2]. Бұл ғарыш аппараттарының ішіне диаметрі 4,2 метр болатын үлкен телескоп орнатылады. Жердің толық бетіне мониторинг жүргізу үшін геостационарлы орбитаға «GO3S»-тың төрт спутнигін жібермекші. Олардың әрқайсысы Жердің төрттен бір бөлігін бақылайды деп жоспарлануда. Әр спутник бірнеше минут ішінде бақылау сәулесін $100 \text{ км} \times 100 \text{ км}$ аумағында бір ауданнан келесі ауданға жібере алады. «GO3S» спутнигінен алынған ақпараттар ағыны нақты уақыт режимінде жұмыс жасайтын жер станциясына жіберілетін болады. Алайда, бұл спутниктерде нақты апертура қолданылатын болғандықтан, сканерлеуші аппаратураның өлшеміне әсерін тигізеді. Айтылған екі жобада да үлкен ғарыш аппараттары қолданылады. Олардың өлшемдері ғарыш аппараттарын құрастыруда да, оларды геостационарлы орбитаға шығаруда да үлкен қаражатты талап етеді. Мысалға, «GO3S» жобасының бір спутнигі шамамен 1 млрд АҚШ долларын құрайды. Ал дәл осындай мүмкіндіктерге ие, дәл осындай зерттеу жұмыстарын жасай алатын кіші ғарыш аппараттарының тобын құрауға мүмкіндік бар, оның салмағы да, өлшемі де және қаражаты да бірнеше есе аз болады. Алдыңғы жүз жылдықтың аяғы мен қазіргі жүз жылдықтың басында электроника саласының жаңа жетістіктерінің арқасында КҒА зақымдамай барлық қызмет жүйесін, әртүрлі аппараттар орнату мүмкіндіктері бар. КҒА құрастыруға аз қаржы жұмсалады, ал оларды топтастыру күрделі ғылыми тапсырмаларды шешуге мүмкіндік береді. Заманауи технологияларды қолданып, жақын орбиталы позицияда орналасқан бірнеше біріктірілген ҒА біріктіріп, ортақ тапсырма ұйымдастыруға болады.

Жерді қашықтықтан зондтауға арналған топтасқан кіші ғарыш аппараттар мысалына RapidEye жобасын қарастыруға болады [3]. Бұл топ алты спутниктен құралған, олар MDA (Канада) және SSTL (Ұлыбритания) компанияларының бірігуімен жасалған. Спутниктер мультиспектрлі оптикоэлектронды Jena Optronics (Германия) камерасымен жабдықталған. Бір RapidEye спутнигінің салмағы 150 кг құрайды. Спутниктің орбитада болу уақыты 7 жыл. Спутниктер биіктігі 630 км құрайтын орбитада орналасқан, күнделікті 4 млн км^2 аумағында Жер суреттерін қамтамасыз етеді. Алайда, осы спутниктерді төменгі орбитада қолдансақ, онда суреттер нақты уақытта алынбайды.

Топтасқан спутниктердің әртүрлі ғарыштық конфигурациялары [4-7] жұмыстарында қарастырылады. [4] жұмыста Жерді қашықтықтан зондтауға арналған топтасқан спутниктерді нақты уақыт өлшемінде басқарудың әдістері көрсетілген. Қозғалыстағы объектілердегі ұжымдық жұмысты қамтамасыз ету мақсатында интеллектуалды жүйе ойластырылды. Бұл жүйе мультиагентных технологиялар мен онтология негізінде құрастырылды, яғни әр спутниктің тапсырмасы мен рөлі жағдайға байланысты өзгеріп отырады. Геостационарлы орбитадан Жерді бақылау үшін интерферометрді құру мүмкіндіктері [5] жұмыста қарастырылған.

Осы зерттеу жұмысында осындай интерферометр үшін маңызды элементтер қарастырылып, анықталды. Олар: оптикалық дизайн, құрылғы бөліктерінің синхронизациясы, апертура конфигурациясы (яғни бірге жұмыс жасайтын, жеке-жеке орналасқан телескоптарға байланысты) және сақталған бейнелердің қайта өңделуі. Алынған нәтижелер Michelson құрылғысын қолдану арқылы кең бұрышты оптикалық интерферометрияны қолданануды растайды. [6] жұмыста конфигурацияның «Fizeau» түріне ие, екі типті мультиапертуралық интерферометр көмегімен алынған нүктені тарату функциясы (PSF) мен Field of View-тің аналитикалық нәтижелері көрсетілген. Көрсетілген сипаттамада нәтижелер қарапайым аналитикалық теңдеулермен алынған, келесі де олар сандық түрде шешіледі. Синтетикалық апертура конфигурациясын қолдану Жер бетінің сапалы бейнесін алуға мүмкіндік береді.

Жерді қашықтықтан зондтауға арналған телескоптардың апертурасының тиімді конфигурациясы [7] жұмыста келтірілген. Michelson түріндегі мульти-апертуралы оптикалық телескоп зерттелді. Сонымен қатар Жердің кең көлемді суретін алу мақсатында мульти-апертуралы оптикалық телескоптың шектеулері көрсетілген. Жерді қашықтықтан зондтау сапасын жақсарту үшін тек қана оптикалық құрылғыларды жақсарту жеткіліксіз. Сонымен қатар бұл тапсырма кіші ғарыш аппараттарының топтасуымен нәтижелірек болатынын атап өттік, алайда сол топтасқан ғарыш аппараттарының өзара конфигурациясын сақтауы өте маңызды.

Конфигурацияның сақталуын зерттеу үшін, алдымен топтасқан кіші ғарыш аппараттарының қозғалыс теңдеуін аламыз. Инерциалды емес санақ жүйесі болғандықтан, Лагранждың II-текті теңдеуін қолданып, кинетикалық энергияны анықтаймыз. Сол арқылы жалпы әсер етуші күштерді анықтаймыз.

4-спутниктің кинетикалық және потенциалды энергиясы келесі формуламен анықтаймыз:


$$\begin{aligned} E_k &= E_{k_1} + E_{k_2} + E_{k_3} + E_{k_4}; \\ E_p &= E_{p_1} + E_{p_2} + E_{p_3} + E_{p_4} \end{aligned} \quad (1)$$

мұндағы E_k , E_p – топтасқан спутниктердің кинетикалық және потенциалды энергиясы.

Жүйенің толық кинетикалық энергиясы:

$$E_k = \frac{1}{2} m_1 v_1^2 + \frac{3}{2} m v^2 + \frac{1}{2} [J_1 \omega_1^2 + J_2 \omega_2^2 + J_3 \omega_3^2 + J_4 \omega_4^2] \quad (2)$$

Ал потенциалды энергияны анықтау үшін, жүйеге әсер ететін барлық күштерді көрсету қажет. Жүйеге Жердің гравитациялық күші және спутниктердің өзара әсерлесу күштері әсер етеді (1-сурет).



1-сурет – Топтасқан спутниктерге әсер ететін Гравитациялық күштер

Топтасқан спутниктерге әсер ететін күштер келесідей:

$$\overrightarrow{F_{01}} = -G \frac{Mm}{r_1^3} \overrightarrow{r_1^0}, \overrightarrow{F_{12}} = G \frac{m_1 m}{r_{12}^3} \overrightarrow{r_{12}^0}, \overrightarrow{F_{13}} = G \frac{m_1 m}{r_{13}^3} \overrightarrow{r_{13}^0}, \overrightarrow{F_{14}} = G \frac{m_1 m}{r_{14}^3} \overrightarrow{r_{14}^0}, \quad (3)$$

$$\overrightarrow{F_{02}} = -G \frac{Mm}{r_2^3} \overrightarrow{r_2^0}, \overrightarrow{F_{21}} = -G \frac{mm_1}{r_{12}^3} \overrightarrow{r_{12}^0}, \overrightarrow{F_{23}} = G \frac{m^2}{r_{23}^3} \overrightarrow{r_{23}^0}, \overrightarrow{F_{24}} = G \frac{m^2}{r_{24}^3} \overrightarrow{r_{24}^0}, \quad (4)$$

$$\overrightarrow{F_{03}} = -G \frac{Mm}{r_3^3} \overrightarrow{r_3^0}, \overrightarrow{F_{31}} = -G \frac{mm_1}{r_{13}^3} \overrightarrow{r_{13}^0}, \overrightarrow{F_{32}} = -G \frac{m^2}{r_{23}^3} \overrightarrow{r_{23}^0}, \overrightarrow{F_{34}} = G \frac{m^2}{r_{34}^3} \overrightarrow{r_{34}^0}, \quad (5)$$

$$\overrightarrow{F_{04}} = -G \frac{Mm}{r_4^3} \overrightarrow{r_4^0}, \overrightarrow{F_{41}} = -G \frac{mm_1}{r_{14}^3} \overrightarrow{r_{14}^0}, \overrightarrow{F_{42}} = -G \frac{m^2}{r_{24}^3} \overrightarrow{r_{24}^0}, \overrightarrow{F_{43}} = -G \frac{m^2}{r_{34}^3} \overrightarrow{r_{34}^0}. \quad (6)$$

мұндағы $\overrightarrow{F} = \sum_{\substack{i,j=0 \\ i \neq j}}^4 \overrightarrow{F_{ij}}$ – топтасқан спутниктерге әсер ететін күш, G – Гравитациялық тұрақты, M

– Жер массасы, $m_1, m_2 = m_3 = m_4 = m$ – спутниктер массасы, $\overrightarrow{r_1}, \overrightarrow{r_2} = \overrightarrow{r_3} = \overrightarrow{r_4}$ – Жердің массалар центрінен спутниктер массалар центріне дейінгі арақашықтық, $\overrightarrow{r_{12}} = \overrightarrow{r_{13}} = \overrightarrow{r_{14}}$ – 1-спутниктің массалар центрінен басқа спутниктердің массалар центріне дейінгі арақашықтық, $\overrightarrow{r_{23}} = \overrightarrow{r_{24}} = \overrightarrow{r_{34}}$ – 2,3,4 спутниктерінің массалар центрлерінің арақашықтығы.

Спутниктердің потенциалды энергиясы:

$$E_{p_1} = Gm_1 \left[\frac{M}{|\overrightarrow{r_1}|} - \frac{3m}{|\overrightarrow{r_0}|} \right], E_{p_2} = Gm \left[\frac{M}{|\overrightarrow{r_2}|} - \frac{2m}{|\overrightarrow{r}|} + \frac{m_1}{|\overrightarrow{r_0}|} \right], \quad (7)$$

$$E_{p_3} = Gm \left[\frac{M}{|\overrightarrow{r_3}|} + \frac{2m}{|\overrightarrow{r}|} + \frac{m_1}{|\overrightarrow{r_0}|} \right], E_{p_4} = Gm \left[\frac{M}{|\overrightarrow{r_4}|} + \frac{m_1}{|\overrightarrow{r_0}|} \right],$$

Онда жүйенің толық потенциалды энергиясы:

$$E_p = E_{p_1} + E_{p_2} + E_{p_3} + E_{p_4} = GM \left[\frac{m_1}{|\overrightarrow{r_1}|} + m \left(\frac{1}{|\overrightarrow{r_2}|} + \frac{1}{|\overrightarrow{r_3}|} + \frac{1}{|\overrightarrow{r_4}|} \right) \right]. \quad (8)$$

Бастапқы шарттарды беру арқылы, нүкте координатасын енгізіп спутниктің қозғалыс теңдеуін аламыз.

1-спутник үшін қозғалыс теңдеуі келесідей:

$$\ddot{x}_i = \frac{GM}{(x_i^2 + y_i^2 + z_i^2)} x_i$$


$$\ddot{y}_i = \frac{GM}{(x_i^2 + y_i^2 + z_i^2)} y_i \quad (9)$$

$$\ddot{z}_i = \frac{GM}{(x_i^2 + y_i^2 + z_i^2)} z_i$$

Кіші ғарыш аппараттарына әсер ететін негізгі моменттерді анықтау үшін Эйлердің динамикалық теңдеуін қолданамыз:

$$\begin{aligned} A\dot{p} + (C - B)qr &= \sum M_x, \\ B\dot{q} + (A - C)rp &= \sum M_y, \\ C\dot{r} + (B - A)pq &= \sum M_z. \end{aligned} \quad (10)$$

2-суретте орбита биіктігіне байланысты момент күштерінің шамасы көрсетілген. Зерттеу барысында Гравитациялық момент, магнит моменті, жарық қысымының моменті және қалған топтағы спутниктерден келетін күш моменттері қарастырылды. Бұл болжамдар салмағы 50 кг болатын спутниктер үшін алынды. 2-суреттен байқайтынымыз, төменгі орбиталарда гравитациялық момент басымырақ, ал жарық қысымынан келетін күш моменттері 3000 км биіктікке дейін әсері байқалмайды, алайда 15000 биіктіктен бастап оның шамасы гравитациялық моментпен сәйкес келіп тұр.



2-сурет – Орбита биіктігіне байланысты КҒА әсер ететін күш моменттері


Магнит моменттері төменгі орбитада үлкен шамаға ие, ал 2,3,4 спутниктерден келетін моменттер әсері бірнеше есе төмен болып шықты. Осыған байланысты, геостационарлы орбитада топтасқан кіші ғарыш аппараттарына әсер ететін момент ретінде гравитациялық момент және жарық қысымының моменті таңдалып алынды. Яғни:

$$\overline{M} = \overline{M}_{ep} + \overline{M}_{cv}. \quad (11)$$


Енді топтасқан ғарыш аппараттарына қатысты конфигурацияны қарастырайық.

Бізде төрт кіші ғарыш аппараттары берілсін (I, II, III, IV), олар дұрыс тетраэдр пішін құрып, геостационарлы орбитада орналассын. I, II, III жерсеріктер бір жазықтықта орналасады (3-сурет), IV жерсерік параллель жазықтықта орналасады (4-сурет).

Әр жерсеріктің пішіні дұрыс алты бұрыш түрінде аламыз, олардың арақашықтығы 1 м деп есептейміз.



3-сурет – Кіші ғарыш аппараттарының (I, II, III) өзара орналасуы



4-сурет – Кіші ғарыш аппараттарының (I, II, III, IV) өзара орналасуы

Барлық спутниктер бір-бірінен бірдей арақашықтықта және дұрыс тетраэдр құрап орналасады.

Маңыздысы тетраэдр масштабын таңдау. Анықтаушы фактор ретінде тетраэдр қабырғаларының ұзындықтарын аламыз. Ғылыми бағытта келесі шамалар сәйкес келуі мүмкін 10000 км, 1000 км, 100 км, 10 км. MMS миссиясында масштаб 10-нан 40 км арасында таңдалған. Айта кететін ақпарат, неғұрлым арақашықтық аз болса, соншалықты конфигурацияны сақтау қиын болады. Конфигурацияның сақталу талаптарын орындау үшін формация сапасы ретінде қандай да бір коэффициент енгіземіз, ол төрт аппараттың бір-біріне жақындау жағдайын бағалайды.

Сонымен, жұмыста геостационарлы орбитаға шығарылған, топтасқан кіші ғарыш аппараттарының сипаттамасы, тиімді құрылғылары, қазіргі кезде осындай ғарыш аппараттарын қолданатын мемлекеттер мысалы келтірілді. Жерді қашықтықтан зондтау сапасын жақсарту үшін тек қана оптикалық құрылғыларды жақсарту жеткіліксіз. Сонымен қатар бұл тапсырма кіші ғарыш аппараттарының топтасуымен нәтижелірек болатынын атап өттік, алайда сол топтасқан ғарыш аппараттарының өзара конфигурациясын сақтауы өте маңызды екені айтылды. Одан басқа кіші ғарыш аппараттарының қозғалыс теңдеуі қорытылып алынды, топтасқан спутниктерге әсер етуші күштер визуалды түрде көрсетіліп, күш моменттерінің шамасы салыстырылды.

Қолданылған әдебиеттер

1. Gaofen (High Resolution) [Электронный ресурс]. – URL: <https://chinaspacereport.com/spacecraft/gaofen>, 23.09.17.
2. GO3 – Spemanent surveillance from space [Электронный ресурс].
3. Дворкин Б.А. Группировка спутников ДЗЗ RapidEye: Уникальные возможности для решения задач мониторинга // Геоматика. – М.: Совзонд, 2009. – № 3. – С. 14-21.
4. Соллогуб А.В. Мультиагентные технологии распределенного управления группировкой малоразмерных космических аппаратов дистанционного зондирования Земли / А.В. Соллогуб, П.О. Скобелев, Е.В. Симонова и др. // Информационное общество, 2013. – 14 с.
5. L. Mugnier, F. Cassaing, G. Rousset, F. Baron, V. Michau, I. Mocœur, B. Sorrente and M.-T. Velluet. Continuous High-Resolution Earth Observation with Multiple Aperture Optical Telescopes. - 2005. - pp. 2-3.
6. François Hénault. Imaging and nulling properties of sparse-aperture Fizeau interferometers // Instrumentation and Methods for Astrophysics. – 2014. - pp. 4-6.
7. Gerard ROUSSET, Laurent M. MUGNIER, Frederic CASSAING, Beatrice SORRENTE. Imaging with multi-aperture optical telescopes and an application // C. R. Acad. Sci. Paris, t. 2, Techniques astronomiques/Astronomical techniques. – No IV. – 2001. – pp.18-20.

Қабылданды 18.06.2019

MFTAA 62.01.11

Э.М. Туркеева, Ғ.А. Рысбаева, Ш.Б. Тасыбаева

М. Өуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент қ.

**АДАМДАРДА ТЕМІР ТАПШЫЛЫҒЫН БОЛДЫРМАУ ҮШІН АРНАЛҒАН
АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМДЕРІН ДАМУ ҚАЖЕТТІЛІГІ ТУРАЛЫ**

Мақалада темірдің адам ағзасы үшін маңызы және оның атқаратын негізгі қызметтері қарастырылған. Қазіргі өнеркәсіптік әлемде, ағзаға маңызды осы микроэлементтің жетіспеушілігі «жасырын аштыққа» және де соның салдарының бірі темір жетіспеушілік анемиясына әкеліп соғады. Осы мәселенің негізгі себептерінің бірі – нашар тамақтану. Осыған байланысты, бұл мәселенің шешімі күнделікті қолданатын азық-түлік өнімдерін рационда жетіспейтін қоректік заттармен байыту арқылы болдырмауға немесе азайтуға болатыны келтірілген.

В статье рассматривается значение железа для организма человека и его основные функции. В современном индустриальном мире дефицит этого микроэлемента, необходимого для организма, приводит к «скрытому голоду» и, следовательно, к железодефицитной анемии. Одной из основных причин этой проблемы является плохое питание. Поэтому решение этой проблемы заключается в обогащении продуктов массового потребления дефицитными в рационе питания нутриентами.

In this article the importance of iron for the human body and its main functions is discussed. In the modern industrial world, the deficiency of this trace element, which is necessary for the body, leads to a "hidden starvation" and, consequently, to iron- deficiency anemia. One of the main causes of this problem is poor nutrition. Therefore, the solution to this problem lies in the enrichment of mass-consumption products with nutrients that are scarce in the diet.

Түйін сөздер: темір, «жасырын аштық», темір тапшылығы, функционалды өнімдер, анемия, сүт өнімдері.

Тамақтану халықтың денсаулығын, жұмыс жасау тиімділігін және ұзақ өмір сүруін анықтайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Тамақтанудың маңыздылығы «Салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтану концепциясы туралы» ҚР № 380 06.04.2011ж. Үкімет қаулысымен белгіленеді. Бұл концепция Елбасының «Қазақстан-2030» Қазақстан халқына Жолдауында тұжырымдалған «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі және әл-ауқаты» атты 4 Басымдықты іске асыруға арналған. Дұрыс тамақтану саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты халықтың денсаулығын сақтау және нығайту, сондай-ақ рационда толыққанды

протеиндердің, дәрумендердің, тағамдық талшықтардың, макро- және микронутриенттердің жетіспеушілігінен болатын аурулардың алдын алу болып табылады.

Ағзаның қалыпты жұмысы дәрумендер мен микроэлементтерсіз мүмкін емес. Олар адам ағзасындағы түрлі биохимиялық реакцияларға қатысады. Маңызды элементтер мен дәрумендердің шамалы мөлшерінің үнемі жетіспеуі адамның барлық дерлік ауруларының, физикалық және ақыл-ой кемістіктерінің басталуына себепші болады және ақыр соңында бүкіл халықтың денсаулығы мен тіршілігін күрт төмендетеді. Осыған байланысты, әсіресе дамушы елдерде және өтпелі экономикасы бар елдерде тамақтануды жақсарту бойынша қабылданған шаралар микронутриенттердің (дәрумендер және микроэлементтер) жетіспеушілігін алдын алуды қамтуы тиіс.

Өнеркәсіптік әлемде «жасырын аштық» кедей және бай елдер үшін өзекті мәселе болды. Экологиялық тұрғыдан қолайсыз қалаларда өмір сүру, жүйкеге шамадан тыс жүктеменің әсері және стресс, дәрумендер мен микроэлементтер тұтынуға көлемін ұлғайтуды талап етеді.

Азық-түлік микронутриенттерінің жетіспеушілігінен пайда болатын адам ағзасындағы ауытқулар, қазіргі кезде қоғамдық денсаулық сақтау саласында негізгі проблема болып табылады. Адам ағзасындағы метаболизмге қажетті микронутриенттердің жетіспеушілігі, адам денсаулығына, әсіресе балалар мен жасөспірімдерге, сондай-ақ репродуктивті жастағы әйелдерге, айтарлықтай әсерін тигізеді. Сондай-ақ микронутриенттердің жетіспеушілігі физикалық және интеллектуалды қабілеттерге әсері туралы атап өту қажет.

Микронутриент тапшылығы, біз бұрын атап өткендей, «жасырын аштық» деп аталады, себебі оның көріністері көптеген жағдайларда айқын белгілерге ие емес және ұзақ уақыт бойы танылмайды. Көптеген жағдайларда, салдарынан адам денсаулығына түзетілмейтін зақым келтіретін, микронутриенттердің жетіспеушілігін қалпына келтіру бойынша шаралар қабылданбайды [1].

